


"КЕЛІСІЛДІ"
№1 АҚГПК кәсіподақ комитетінің
төрайымы


Э. Молдахмет
«13» мамыр 2024ж.

"БЕКІТЕМІН"
№1 АҚГПК директоры


М.Т. Мендгәзіева
«13» мамыр 2024ж.



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
№1 АЛМАТЫ ҚАЗАҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

БІЛКІТІЛКІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ
ТИІСТІ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМАҒА ЖІБЕРУ
ҮШІН КОЛЛЕДЖДІҢ ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ
ШЕБЕРЛЕРІ МЕН АРНАЙЫ ПӘНДЕР
ОҚЫТУШЫЛАРЫН ІРІКТЕУ КОНКУРСЫН
ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Алматы, 2024ж.

Біліктілікті арттыру курстарының тиісті бағдарламалары бойынша халықаралық тағылымдамаға жіберу үшін колледждің өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер оқытушыларын іріктеу конкурсын өткізу қағидалары

1. Біліктілікті арттыру курстарының тиісті бағдарламаларының халықаралық тағылымдамаға жіберу конкурсы(бұдан әрі - конкурс) бойынша №1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжінде (бұдан әрі – колледж) конкурс кандидаттарды объективті, жан-жақты және ашық іріктеу, мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау және бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында колледждің арнайы пәндер оқытушылары (бұдан әрі – үміткерлер) арасында өткізіледі.

2. Байқауға қатыса алмайтындар:

- тұлғалар, педагогикалық немесе өндірістік өтілі 3 жылдан кем болса;

- тұлғалар, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін үш жылдан аз уақыт қалған болса;

- тұлғалар, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған болса;

- тұлғалар, біліктілікті арттыру курстарының тиісті бағдарламалары бойынша кандидаттар жетіспеген жағдайларды қоспағанда және колледждің білім беру үдерісіне алдыңғы ұқсас халықаралық тағылымдамалардан алған білім мен дағдыларды тиімді енгізу шартымен колледж қаражаты есебінен соңғы 3 жыл ішінде осындай халықаралық тағылымдамадан өткен болса;

- негізгі жұмыс орны басқа ұйым болып табылатын қосқызметтегілер.

3. Арнайы пәндерді оқытатын және/немесе тиісті бейіндер бойынша өндірістік оқу практикаларын жүргізетін колледж әкімшілігі қызметкерлерінің конкурсқа қатысуына жол беріледі.

4. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі келесі кезеңдерді қамтиды:

1) Колледждің Интернет-ресурсында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;

2) конкурсты өткізу күні мен орнын айқындау және конкурстық комиссияны қалыптастыру;

3) конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау;

4) кандидаттардың құжаттарының осы Қағидалардың 1-3-тармақтарының талаптарына сәйкестігін қарау;

5) конкурстық комиссияның қорытынды отырысы.

5. Конкурс өткізу туралы хабарландыру келесі мәліметтерді қамтиды:

1) Халықаралық тағылымдама бағытының атауы;

2) халықаралық тағылымдамадан өту үшін ел;

3) халықаралық тағылымдаманың мерзімдері мен көлемі;

4) халықаралық тағылымдаманың құрылымы мен тақырыптық жоспары;

5) осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген белгілі бір тұлғалар үшін шектеулерді көрсете отырып, кандидатқа қойылатын талаптар;

6) конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін құжаттарды қабылдау орны мен мерзімі;

7) құжаттар тізбесі;

8) қосымша ақпарат және шарттар.

6. Конкурсты өткізу мерзімі және конкурстық комиссияның құрамы колледж директорының бұйрығымен айқындалады.

7. Конкурстық комиссия комиссияның кемінде бес мүшесінен, оның ішінде конкурстық комиссия мүшелерінің арасынан сайланатын Төрағадан тұратын алқалы орган болып табылады.

Конкурстық комиссияның құрамына колледж әкімшілігінің өкілдері, колледж әдіскері мен педагогтары, колледждің кәсіподақ комитетінің төрағасы кіреді.

8. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның отырыстарын ұйымдастырады, оның мүшесі болып табылмайды.

9. Конкурстық комиссияның келмеген мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

10. Конкурстық комиссияның қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған кезде конкурстық комиссияның құрамы қайта қаралады.

11. Конкурстық комиссия құрамын өзгерту колледж директорының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

12. Конкурстық комиссияның отырыстары төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

13. Конкурстық комиссияның отырысына комиссияның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысса, отырыс өтілді және оның шешімі заңды деп есептеледі.

14. Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

15. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш жібереді;

16. Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат береді (біліктілікті арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттары, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар туралы құжаттардың көшірмелері).

17. Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде кандидаттардың құжаттарының осы Қағидалардың 1-3-тармақтарының талаптарына сәйкестігін қарауды жүргізеді.

18. Конкурс қорытындысы бойынша шешімді конкурстық комиссия осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес бағалау парағы бойынша жиналған баллдар негізінде қабылдайды.

19. Біліктілікті арттыру курстарының тиісті бағдарламасы орындарының белгіленген саны бойынша ең көп балл алған үміткерлер конкурстан өткен болып есептеледі және колледж директорына халықаралық тағылымдамаға жіберуге ұсынылады.

20. Біліктілікті арттыру курстарының тиісті бағдарламасы орындарының белгіленген санына үміткер кандидаттарда баллдар саны тең болған кезде конкурстық комиссия әңгімелесу өткізу туралы шешім қабылдайды, оның нәтижелері бойынша халықаралық тағылымдамаға жіберілуге кандидат айқындалады.

21. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның кез келген мүшесі өз пікірін баяндайды, ол комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

22. Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асыратын хатшы қол қояды.

23. Конкурстың нәтижелері колледждің Интернет-ресурсында конкурстық комиссияның қорытынды отырысы өткізілген күні жарияланады.

24. Осы Қағидалардың 1-3-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін және конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған кандидатпен колледж директоры осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерді оқыту туралы шарт жасасады және халықаралық тағылымдамаға жіберу туралы бұйрық шығарады.

25. Конкурс нәтижелері туралы хабарламаны конкурс комиссиясының хатшысы кандидатқа электрондық пошта арқылы жібереді немесе өтініште көрсетілген телефон арқылы хабарлайды.

26. Кандидаттар өз тарапынан конкурстық құжаттармен және комиссияның шешімімен танысады.

27. Кандидат осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерді оқыту туралы шарт жасасуға келіспеген кезде - бұл кандидат халықаралық тағылымдамаға қатыстырылмайды және бұл құқық конкурс нәтижелері бойынша ең көп балл жинаған басқа кандидатқа ауысады.

28. Кандидат конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, конкурс нәтижелеріне колледж директорының атына өтініш беру арқылы шағым жасалады.

Біліктілікті арттыру курстарының тиісті бағдарламалары бойынша халықаралық тағылымдамаға жіберу үшін колледждің өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер оқытушыларын іріктеу конкурсын өткізу қағидаларына 1-қосымша

Асыранкулов Ернат Абдразакович,
880115302549
(Үміткердің Т.А.Ә, (бар болса), ЖСН)

Арнайы пән оқытушысы, педагог-модератор
(лауазымы)
+77751346868
(байланыс телефоны)

Өтініш

Мені біліктілікті арттыру курстарының тиісті бағдарламалары бойынша халықаралық тағылымдамаға жіберу үшін колледждің өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер оқытушыларын іріктеу конкурсына жіберуіңізді сұраймын _____

«Кәсіптік білім берудегі заманауи инновациялар»
(халықаралық тағылымдама бағытының атауы)

Қазіргі уақытта жұмыс істеймін: Арнайы пән оқытушысы
(лауазымы)

Өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі: ТЖКБ, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Диплом бойынша мамандығы
Қазақтың спорт және туризм академиясы	2008-2012ж	5B010800 Дене шынықтыру және спорт

Біліктілік санатының болуы (берілген (расталған) күні): Педагог-модератор,
01.09.2022 жыл

Педагогикалық жұмыс өтілі: 12 жыл

Менде келесі жұмыс нәтижелері бар:

Біліктілікті арттыру курстары:

1.Сертификат Асыранкулов Ернат Абдиразакович Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру педагогт ерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту тақырыбы бойынша курс аясында 36 академиялық сағат көлемінде практика базасы ретінде айқындалған ұйымнан тағылымдамадан өткендігін растайды. 2022 жыл

2. Сертификат Асыранкулов Ернат Абдразакович біліктілікті арттыру курсы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту тақырыбы бойынша 72 академиялық сағат көлемінде өткендігін растайды. 2023 жыл

Марапаттары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтер (бар болса)

1. Диплом. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, "Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі" Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің оқытушылары және білім алушылары арасында, достық қарым-қатынасты нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында волейболдан өткізілген халықаралық жарыста ҮЗДІК ШАБУЫЛШЫ Асыранкулов Ернат марапатталады. 2023 жыл
2. Диплом. Алматы қалалық жергілікті "Ұстаз" кәсіподағы өткізген "Өнерлі өрге жүзеді" атты II қалалық колледждер арасындағы музыкалық байқауының Вокал жанры номинациясы бойынша II орын алған №1 педагогикалық колледжіні ұстазы Асыранкулов Ернат Абдразакович марапатталады. 2024 жыл
3. Диплом. Алматы қаласы колледждер арасында "Музей кубогы" үшін ұлттық ойындар бойынша өткізілген турнирге белсенді қатысқаны үшін Асыранкулов Ернат марапатталады. 2023 жыл
4. Диплом. II дәрежелі "Өнерлі өрге жүзеді" атты II қалалық музыкалық конкурстың "Вокалдық жанр" номинациясының жеңімпазы Асыранкулов Ернат Абдразакович марапатталады. 2024 жыл
5. Диплом. №1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжі Қазақстан Республикасы техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің білім алушылары арасында достық қарым-қатынасты нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында Ұлттық ойындардан өткізілген халықаралық жарысқа қатысқан Асыранкулов Ернат ҮЗДІК ЖАТТЫҚТЫРУШЫ номинациясымен марапатталады. 2024 жыл
6. Диплом. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, "Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі" Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің оқытушылары және білім алушылары арасында, достық қарым-қатынасты нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында волейболдан өткізілген халықаралық жарыста III-орын алған Асыранкулов Ернат марапатталады. 2023 жыл
7. Диплом. Алматы қаласының колледж оқытушылары және қызметкерлері арасында 27 қалалық спартакиадасында футбол спорт түрінен II орынға ие болған Асыранкулов Ернат марапатталады. 2024 жыл
8. Диплом. №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі Қазақстан Республикасы және Қырғызстан Республикасының колледждері оқытушылары және білім алушылары арасындағы Спорттық ойын. Баскетболдан өткізілген халықаралық жарыста ҮЗДІК ШАБУЫЛШЫ Асыранқұлов Ернат марапатталады. 2023 жыл
9. Диплом. Ізбасар Оразбақұлын еске алуға арналған асық атудан мұғалімдер арасындағы қалалық турнирде III орынға ие болған Асыранқұлов Ернат марапатталады. 2024 жыл
10. Грамота. Кыргыз Республикасы менен Казакстан Республикасының колледждеринин арасында эл аралық байланыштарды өнүктүрүү мақсатында волейбол оюну боюнча өткөрүлген мелдеште Мыкты коргоочу наамы менен Асыранкулов Ернат сыйланат. Бишкек 2023 жыл
11. Алғыс. Благодарность "Кәсіподақ ұстаздармен бірге" атты қалалық айтысқа белсене қатысқаны үшін Асыранкулов Ернат Абдразаковичке Алғыс білдіреді. Алматы 2023 жыл
12. Благодарственное письмо Асыранқұлов Ернат №1 АҚМГ Колледжі Дене тәрбиесі оқытушысы за активное участие в подготовке и проведении спортивных соревнований, посвященных государственным праздникам Республики Казахстан. Алматы 2023

13. Алғыс хат. Құрметті Асыранқұлов Ернат Абдразакович! Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі Сізге мәдени-танымдық іс-шаралардың жоғары дәрежеде өткізілуіне, қолдау көрсетіп, белсенділік танытқаныңыз үшін алғыс білдіреді. Алматы 2023
14. Алғыс хат. Білім беру жүйесіне және жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беру ісіне қосқан үлесі үшін Асыранқұлов Ернат Абдразакович марапатталады. Алматы 2024
15. Алғыс хат. "БӨБЕК" колледжінде жастарға білім берудегі ынтымақтастық, құрмет, достық құндылықтарын насихаттау аясында "Досбол LIKE" республикалық ақпараттық жобасы аты қалалық педагогикалық колледж ұлдар құрама командалары арасында волейбол жарысын ұйымдастырғаны үшін алғыс хатпен Асыранқұлов Ернат Абдразакович Дене тәрбиесі оқытушысы марапатталады

Біліктілікті арттыру курстарының тиісті бағдарламалары бойынша халықаралық тағылымдамаға жіберу үшін колледждің өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер оқытушыларын іріктеу конкурсын өткізу қағидаларына 2-қосымша

Халықаралық тағылымдамаға жіберу үшін кандидаттың

Бағалау парағы

Асыранкулов Ернат Абдиразакович

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))

№	Критерийлер	Растайтын құжат	Балл саны (1-ден 20-ға дейін)
1.	Халықаралық тағылымдама бойынша білім деңгейі	Білім туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	Техникалық және кәсіптік – 1 балл Техникалық және кәсіптік үздік – 2 балл Жоғары (бакалавр) - 3 балл+ Жоғары (бакалавр) үздік – 4 балл Жоғары (маман) – 5 балл Жоғары (маман) үздік – 6 балл Жоғары оқу орнының бейіні бойынша магистр – 1 балл қосу
2.	Ғылыми/академиялық дәреже	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	PHD-докторы – 10 балл Ғылым докторы – 10 балл Ғылым кандидаты - 10 балл
3.	Біліктілік санаты	Куәлік, өзге де құжат	2 санат - 1 балл 1 санат - 2 балл Жоғары санат – 3 балл Педагог-модератор - 3 балл+ Педагог-сарапшы – 5 балл Педагог-зерттеуші - 7 балл Педагог-шебер - 10 балл
4.	Кәсіби жетістіктері көрсеткіштері	- қатысушы сертификаттары, дипломдар, олимпиадалар мен конкурстар	Колледж директорының грамотасы / алғыс хаты (соңғы 5 жыл ішінде)

	<p>жеңімпаздарының грамоталары, білім алушылардың ғылыми жобалары;</p> <p>- қатысушы сертификаттары, дипломдар, олимпиадалар мен мұғалімдер конкурстарының жеңімпаздарының грамоталары;</p> <p>- қоғамдық, ведомстволық, мемлекеттік наградалар; - бұйрықтар, сертификаттар, дипломдар, грамоталар, алғыс хаттар, хаттамалар.</p>	<p>- әрқайсысы үшін 0,5 балл бірақ 2 баллдан аспайды.+ Салалық одақтың/қауымдастықтың /қоғамдық ұйымның грамотасы/алғыс хаты (соңғы 3 жылда) – әрқайсысы үшін 1 балл, бірақ 3 баллдан аспайды.+ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы "Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы" № 514 бұйрығымен бекітілген Тізбеге енген олимпиадаларға, конкурстарға, ғылыми жобаларға қатысу (қатысушыларды даярлау):</p> <ul style="list-style-type: none"> - өңірлік деңгейдегі қатысушы - 0,5 балл; - өңірлік деңгейдегі жүлдегер - 1 балл; - өңірлік деңгейдегі жеңімпаз - 3 балл; - республикалық деңгейдегі қатысушы - 3 балл; - республикалық деңгейдегі жүлдегер - 4 балл; - республикалық деңгейдегі жеңімпаз - 5 балл; - халықаралық деңгейдегі қатысушы - 5 балл;+
--	---	---

		<p>- халықаралық деңгейдегі жүлдегер - 7 балл;+</p> <p>- халықаралық деңгейдегі жеңімпаз - 10 балл.</p> <p>"Үздік педагог" конкурсына қатысу (оқытушы/өндірістік оқыту шебері):</p> <p>- өңірлік деңгейдегі қатысушы - 1 балл;</p> <p>- өңірлік деңгейдегі жүлдегер - 2 балл;</p> <p>- өңірлік деңгейдегі жеңімпаз - 3 балл;</p> <p>- республикалық деңгейдегі қатысушы-3 балл;</p> <p>- республикалық деңгейдегі жүлдегер-4 балл;</p> <p>- республикалық деңгейдегі жеңімпаз-5 балл.</p> <p>Білім беру саласындағы уәкілетті органның көтермелеу иесі:</p> <p>- алғыс хат -2 балл;+</p> <p>- құрмет грамотасы-3 балл;+</p> <p>- құрметті қызметкер /білім беру үздігі-4 балл;</p> <p>- «Ы.Алтынсарин» төс белгісі – 5 балл.</p> <p>«Қазақстан Еңбек сіңірген ұстазы» медалінің иегері – 10 балл.</p> <p>Мемлекеттік наградалардың иегері (Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған):</p> <p>- алғыс хат/грамота-10 балл;</p> <p>- медаль – 15 балл;</p> <p>- орден - 20 балл.</p>
5.	Өдістемелік қызмет	<p>- авторлық жұмыстар мен жарияланымдар</p> <p>ҚР БҒМ тізбесіне енгізілген оқулық(лар), оқу құралы және (немесе) ОӘЖ:</p> <p>- сарапшы/рецензент – 4 балл;</p>

		<p>- бірлескен автор – 7 балл; - автор (жалғыз) – 10 балл. РОӘК тізбесіне енгізілген оқулық(тар), оқу құралы және (немесе) ОӘК: - сарапшы / рецензент-2 балл; - бірлескен автор-4 балл; - автор (жалғыз) - 5 балл. Кітап палатасында (ISBN) тіркеуден өткен оқулық(тар), оқу құралы және (немесе) ОӘК: - сарапшы / рецензент-1 балл; - бірлескен автор – 2 балл; - автор (жалғыз) - 3 балл. Scopus, БҒСҚЕК тізбесіне енгізілген ғылыми - зерттеу қызметі бойынша қолда бар жарияланымдар (соңғы 5 жылда) - 3 балл. "Білімді Ел", "Техникалық және кәсіптік білім" мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланымдардың болуы (соңғы 5 жылда) – 3 балл. Мерзімді баспа және интернет басылымдарында немесе ғылыми конференциялар жинақтарында ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы (соңғы 5 жылда) - 1 балл, бірақ 10 баллдан аспайды.+</p>
6.	Қоғамдық-педагогикалық қызмет	<p>Қоғамдық-педагогикалық қызметті растайтын құжат</p> <p>тәлімгер-0,5 балл+ ЦӘК басшылығы-2 балл 2 тілде оқыту (орыс/қазақ) -1 балл 2 тілде оқыту (шетел/орыс, шетел / қазақ) - 2 балл, 3 тілде оқыту (қазақ, орыс, шетел) - 3 балл</p>

7.	Курстық дайындық	- сертификаттар	<p>Курстар (соңғы 5 жылда) НЗМ ПШО, "Өрлеу", "Талап" КЕАҚ - 0,5 балл.+ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30068 болып тіркелген) сәйкес тізімге енгізілген біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары (соңғы 5 жылда) - 0,5 балл(әрқайсысы бөлек). – ағылшын тілі бойынша Халықаралық емтихан сертификаты (соңғы 5 жылда) IELTS (5.5 баллдан төмен емес) немесе TOEFL (60 баллдан төмен емес) - 10 балл.</p>
8	Колледж тәжірибесі	Колледжге жұмысқа қабылдау туралы бұйрық	Колледждегі тәжірибесі: 5 жыл-3 балл; 10 жыл-5 балл; 15 жыл-7 балл; 20 және одан да көп жыл-10 балл.
9	Халықаралық тағылымдаманың біліктілігін арттыру курстары бағдарламасының тиісті бейіні бойынша оның бағытына үміткер кандидаттың өндірістік тәжірибесі	Еңбек кітапшасы	Өндірістік тәжірибесі: 3 жыл-1 балл; 5 жыл – 3 балл; 10 жыл – 5 балл;+ 15 жыл – 7 балл; 20 және одан да көп жыл – 10 балл.
10	Халықаралық тағылымдаманың біліктілігін арттыру курстары	Өндірістегі тағылымдаманы растайтын құжат	Соңғы 5 жылдағы өндірістегі тағылымдама: - бір тағылымдама-3 балл;

	бағдарламасының тиісті бейіні бойынша оның бағытына үміткер кандидаттың өндірістегі тағылымдамасы		- екі немесе одан да көп тағылымдама-5 балл.
11	Тәртіптік жазалардың болуы	Тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтар	Мерзімі өтпеген немесе алынбаған тәртіптік жазаның болуы: - ескерту- 5 балл алу; - сөгіс- 7 балл алу; - қатаң сөгіс- 10 балл алу.
Барлығы: 39			

Біліктілікті арттыру курстарының тиісті бағдарламалары бойынша халықаралық тағылымдамаға жіберу үшін колледждің өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер оқытушыларын іріктеу конкурсын өткізу қағидаларына 3-қосымша

Келісім-шарт № _____
жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерді оқыту туралы
Алматы қ. «12» қыркүйек 2024 жыл

Алматы қаласы білім Басқармасының "№1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжі" МКҚК (бұдан әрі – Колледж) атынан директор Мағишат Таскалиевна Мендгазиева (бұдан әрі – Жұмыс беруші) және колледжде өндірістік оқыту шебері ретінде еңбек қызметін жүзеге асыратын (бұдан әрі – Қызметкер) Қазақстан Республикасының азаматы *Асыранкулов Ернат Абдиразакович*, екеуі бірге «Тараптар» деп аталатын, ал әрқайсысы жеке «Тарап» деп аталатын, жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерді оқыту туралы төменде көрсетілгендер туралы осы Шартты (бұдан әрі мәтін бойынша – "Шарт") жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шарт бойынша жұмыс беруші «Кәсіптік білім берудегі заманауи инновациялар» бағытындағы біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы (бұдан әрі - оқыту) бойынша қызметкердің халықаралық тағылымдамасына ақы төлеу шығыстарын өзіне алады, ал Қызметкер оқудан кейін жұмыс берушімен 3 (үш) жыл жұмыс істеуге міндеттенеді.

1.2. Қызметкерді оқыту Жұмыс берушінің қаражаты есебінен ұйымдастырылады.

1.3. Оқыту Сингапур мен Малайзияның оқу немесе оқу орталықтарында жүзеге асырылады.

1.4. Оқу ұзақтығы: кәсіби ағылшын тілі – 2 апта, халықаралық тәжірибе – 3 апта.

1.5. Оқыту құны 4 000 000 (төрт миллион) теңге.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Жұмыс берушінің құқықтары:

2.1.1. Қызметкерді оқытудың барлық мерзімі ішінде Қызметкердің үлгеріміне және оның оқыту іс шараларына қатысуына бақылауды жүзеге асыру;

2.1.2. Осы Шарттың 1.1 тармағында көрсетілген Қызметкердің жұмыс мерзімін қысқарту немесе Қызметкерге ақылы оқу бойынша жұмыс істеуге талап қоймау;

2.1.3. Қызметкер бұрын онымен келісілген және Жұмыс беруші төлеген оқуға барудан негізсіз бас тартқан жағдайда, Қызметкердің жалақысынан оның жоспарланған оқуының төленген құнын ұстап қалу;

2.1.4. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабының 1 және 1-1 тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша Қызметкермен еңбек шартын бұзу.

2.2. Жұмыс берушінің міндеттері:

2.2.1. оқу ұйымы белгілеген шарттар мен мерзімде Қызметкердің оқуына тиісті түрде ақы төлеу.

2.2.2. қажет болған жағдайда Қызметкерді оқудан өту және қажетті емтихандарды, сынақтарды, сынақтарды тапсыру кезінде жұмыстан босату;

2.2.3. оқу кезеңінде Қызметкерді үстеме жұмыстарға тартпау, Қызметкердің оқу үрдісін аяқтауымен байланысты емес іссапарға жібермеу;

2.2.4. Қызметкер оқу кезеңінде оның жұмыс орнын сақтау;

2.2.5. Тараптар арасында жасалған еңбек шартының талаптарына сәйкес Қызметкердің жалақысын төлеу.

2.3. Қызметкердің құқықтары:

2.3.1. егер Қызметкер оқытуға жұмсалған ақша сомасын Жұмыс берушіге толық төлесе, оны оқытқаны үшін жұмыс істеуден бас тарту.

2.3.2. оқытудың кез келген кезеңінде оқудан бас тарту туралы Жұмыс берушіге хабарлайды және Жұмыс беруші шеккен шығындарды өтейді.

2.4. Қызметкердің міндеттері:

2.4.1. оқуға жауапкершілікпен және саналы түрде қарау, оқу үрдісінде қажетті дағдылар мен біліктіліктің тиісті деңгейін алуға ұмтылу;

2.4.2. оқу жоспары мен оқу бағдарламаларында қарастырылған оқу тапсырмаларының барлық түрлерін уақытылы, дұрыс орындау;

2.4.3. Оқуды аяқтағаннан кейін Жұмыс берушіге оқу курсың сәтті аяқтағанын растайтын құжаттарды ұсыну.

2.4.4. Жұмыс берушінің қаражаты есебінен оқуды аяқтағаннан кейін 1.1-тармақта көрсетілген мерзімде Жұмыс берушіде жұмыс істеу, ал жұмыстан босатылған жағдайда Жұмыс берушіге, қызметтің аяқталмаған мерзіміне пропорционалды, оқуға жұмсалған шығындар сомасын қайтару.

2.4.5. колледждің білім беру үрдісіне оқытудан алынған білім мен дағдыларды енгізу.

2.4.6. оқу кезеңінде алған білімдері мен дағдыларын колледж қызметкерлеріне беру.

2.4.7. Алматы қаласының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде оқу кезеңінде алған тәжірибесін масштабтау.

2.4.8. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабының 1 тармағында (1, 2, 3, 24) тармақшаларды қоспағанда) және 1-1 тармағында көрсетілген негіздер бойынша еңбек шарты бұзылған жағдайда, Жұмыс берушіге қызмет өткеруінің аяқталмаған мерзіміне пропорционалды оқуға жұмсалған шығындардың сомасын қайтарады.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Егер оқуды аяқтағаннан кейін Қызметкер өзінің еңбек міндеттерін орындауға кіріспесе, ол Жұмыс берушіге оқуға кеткен барлық шығындарды өтеуге міндетті.

3.2. Қызметкер 1.1-тармақта белгіленген мерзім өткенге дейін жұмыстан босатылған жағдайда Қызметкер Жұмыс берушіге, оқу құнының 1/3 бөлігін Қызметкер оқудан кейін Жұмыс берушіде бір жыл жұмыс істеуіне негізінде, жұмыс істемеген жұмыс мерзіміне пропорционалды, барлық оқу шығындарын қайтаруға міндетті.

4. Қорытынды ережелер

4.1. Осы Шарт бойынша даулар Тараптардың келіссөздері арқылы, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

4.2. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алатын болады.

4.3. Осы Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ол толық орындалғанға дейін қолданылады.

4.4. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

5. Тараптардың деректемелері мен қолдары

"Жұмыс беруші":

"Қызметкер":

Асыранкулов Ернат Абдиразақович

Алматы қаласы Білім басқармасының "№1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжі" МКҚК

Мекен - жайы: 050056, Алматы қ-сы, Түрксіб ауданы, Г.Шемякин көшесі, 131- үй, тел./факс: 278-56-84.

(Т.А.Ә.)

БСН 990440002064
ЖСК KZ 738560000000032532
БИК: КСJBKZKX «БанкЦентрКредит»АҚ
Кбе 16


Мекен-жайы: Алматы қаласы Турксиб
ауданы мкр.Жасқанат 1/17,49 үй

жеке куәлік № 052463947
ҚР ПМ берілді 26.01.2023 жыл

Директор

/Мендгазиева М. Т./ МҚ

ЖСН 880115302549

Асырангулов.Е.А /  /
(қолы)(Т.А.Ә.)

